

2023 жылға Ордабасы ауданының пробацация қызметінің есебінде тұрған адамдарды, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды және ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квоталар белгілеу туралы

Күшін жойған

Түркістан облысы Ордабасы ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 426 қаулысы. Күші жойылды - Түркістан облысы Ордабасы ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 20 қыркүйектегі № 308 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Ордабасы ауданы әкімдігінің 20.09.2023 № 308 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 18 бабының 7) тармақшасына, Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінің 18 бабының 1 тармағының 2) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 31 бабының 2 тармағына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 27 бабының 1 тармағының 2), 3), 4) тармақшаларына және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 26 мамырдағы № 412 "Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробацация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13898 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес, Ордабасы ауданы әкімдігі **КАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Пробацация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының 2023 жылға квотасы 1-қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының 2023 жылға квотасы 2-қосымшаға сәйкес белгіленсін.

3. Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының 2023 жылға квотасы 3-қосымшаға сәйкес белгіленсін.

4. Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды 1-қосымшаға сәйкес және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды 2-қосымшаға сәйкес жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының 2023 жылға квотасын белгілеуде Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 26 бабы 2 бөлігі 3 тармағының талаптары қатаң сақталсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Қ.Сейітқұлға жүктелсін.

6. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Н.Бадыраков

Ордабасы ауданы әкімдігінің
2022 жылғы "05" желтоқсандағы
№ 426 қаулысына 1-қосымша

2023 жылға пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота

р/с	Ұйымдардың атауы	Ұйымдағы жұмыскерлердің тізімдік саны, адам	Жұмыскерлердің тізімдік санынан пайыздық көрсетілімдегі квота мөлшері	Жұмыс орындарының саны
1	Ордабасы аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің "Темірлан абаттандыру" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	115	1,7	2
2	Жеке кәсіпкер "Нұр такси"	10	10	1
3	Аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру	84		3

	және спорт бөлімі мемлекеттік мекемесі		3,6	
4	Жеке кәсіпкер "Омар А.И."	10	10	1
5	"Ақылбек" шаруа қожалығы	10	10	1
6	"Бағдат" шаруа қожалығы	10	10	1
7	"Қажымұқан ауыл округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі	20	5	1
8	"Шұбарсу ауыл округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі	23	4,3	1
9	"Нұр – Агро 73" жаупкершілігі шектеулі серіктестігі	305	0,7	2
	Барлығы	587		13

Ордабасы ауданы әкімдігінің
2022 жылғы "05" желтоқсандағы
№ 426 қаулысына 2-қосымша

2023 жылға бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота

p/c	Ұйымдардың атауы	Ұйымдағы жұмыскерлердің тізімдік саны, адам	Жұмыскерлердің тізімдік санынан пайыздық көрсетілімдегі квота мөлшері	Жұмыс орындарының саны
1	Ордабасы аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің "Темірлан абаттандыру" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	115	1	1

	Барлығы	115		1
--	---------	-----	--	---

Ордабасы ауданы әкімдігінің
2022 жылғы "05" желтоқсандағы
№ 426 қаулысына 3- қосымша

2023 жылға ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота

p/c	Ұйымдардың атауы	Ұйымдағы жұмыскерлердің тізімдік саны, адам	Жұмыскерлердің тізімдік санынан пайыздық көрсетілімдегі квота мөлшері	Жұмыс орындарының саны
1	Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Ордабасы ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "Д.Қонаев атындағы жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	150	0,7	1
2	Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Ордабасы ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің Ш.Уалиханов атындағы мектеп-гимназиясы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	98	1	1
	Барлығы	248		2